



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
2026 жылғы «27» Ақпан бекітілген
Хаттама



**УАҚЫТША САҚТАУ ҚОЙМАСЫ/КЕДЕН ҚОЙМАСЫ ИЕСІНІҢ
АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН
ЖҮКТЕЛГЕН САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы – 2026 ж.



ОГЛАВЛЕНИЕ

1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
2-БАП. САҚТАНУШЫ. САҚТАНДЫРЫЛУШЫ. ПАЙДА АЛУШЫ.....	3
3-БАП. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ.....	3
4-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ.....	3
5-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ЕРЕКШЕЛІК ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ.....	4
6-БАП. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ.....	9
7-БАП. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ.....	10
8-БАП. ФРАНШИЗА.....	10
9-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ.....	10
10-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ.....	11
11-БАП. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	12
12-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ КЕЗЕҢІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮ САЛДАРЫ.....	14
13-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІ..	15
14-БАП. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ.....	16
15-БАП. САҚТАНУШЫНЫҢ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ САҚТАНДЫРУШЫҒА АУЫСУЫ (СУБРОГАЦИЯ).....	18
16-БАП. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ.....	19
17-БАП. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.....	20
18-БАП. ҚОСЫМША ШАРТТАР.....	21



1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ Уақытша сақтау қоймасы/кеден қоймасы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандыру ережелері (бұдан әрі - Ережелер/Сақтандыру ережелері) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі - Азаматтық кодекс), Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Кодексіне сәйкес әзірленген.

1.2. Осы Сақтандыру ережесінің шарттарында, бұдан әрі Сақтандырушы деп аталатын «Евразия» СК» АҚ, бұдан әрі Сақтанушы деп аталатын заңды тұлғалармен уақытша сақтау қоймасы/кеден қоймасы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандыру шарттарын (бұдан әрі - Сақтандыру шарты) жасасады.

1.3. Осы Ереже осы Ереженің шарттарында Сақтанушылар жасаған сақтандыру шарттарын жасау, орындау және тоқтату тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2-БАП. САҚТАНУШЫ. САҚТАНДЫРЫЛУШЫ. ПАЙДА АЛУШЫ

2.1. Сақтанушы - Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан уақытша сақтау қоймасының/кеден қоймасының иесі, заңды тұлға.

Тауарларды уақытша сақтауға арналған арнайы белгіленген және жайластырылған құрылыстар, үй-жайлар (үй-жайлардың бөліктері) және (немесе) ашық алаңдар уақытша сақтау қоймалары болып табылады.

Кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды сақтау үшін арнайы белгіленген және жайластырылған құрылыстар, үй-жайлар (үй-жайлардың бөліктері) және (немесе) ашық алаңдар кеден қоймалары болып табылады.

Кеден қоймасының кедендік рәсімі шетелдік тауарларға қатысты қолданылатын кедендік рәсім болып табылады, оған сәйкес мұндай тауарлар осы кедендік рәсімге орналастыру шарттары сақталған және оларды аталған кедендік рәсімге сәйкес пайдаланған жағдайда, әкелу кедендік баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы және өтемдік баждарды төлемей кеден қоймасында сақталады.

2.2. Сақтанушы - заңды тұлға сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде қайта ұйымдастырылған кезде оның осы шарт бойынша құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тиісті құқықтық мирасқорға ауысады.

2.3. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған тұлға болып табылады.

2.4. Сақтанушы сақтандыру шартында үшінші тұлғаны сақтандырылған тұлға ретінде айқындай алады.

2.5. Сақтандырылушының пайдасына сақтандыру шартын жасасу сақтанушыны сақтандыру шарты бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.

2.6. Сақтанушының қоймасына сақтауға қабылданған мүліктің (тауардың) меншік иесі - үшінші тұлға (=) Сақтандыру шарты бойынша пайда алушы болып табылады.

3-БАП. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

3.1. Сақтандыру объектісі Сақтанушының қоймасына сақтауға қабылданған үшінші тұлғалардың мүлкіне (тауарларына) келтірілген залалды өтеу міндетіне байланысты Сақтанушының Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына қайшы келмейтін Сақтанушының мүліктік мүдделері болып табылады.

4-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

4.1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының үшінші тұлғалар (тауарлардың меншік

иелері) алдында Сақтанушының қоймасына тауардың бүлінуіне не жойылуына байланысты сақтауға берілген азаматтық-құқықтық жауапкершілік (бұдан әрі - АҚЖ) фактісінің туындауы сақтандыру жағдайы болып табылады:

- 1) Найзағайдың түсуі салдарынан туындаған өрт;
- 2) Бұзып кіру арқылы жасалған ұрлық;
- 3) Су тасқыны кезінде сумен басу.

4.2. Сақтандыру шартында Сақтанушының қоймасына сақтауға қабылданған үшінші тұлғалардың мүлкіне (тауарына) келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты Сақтанушының өзге де тәуекелдерін сақтандыру көзделуі мүмкін.

4.3. Сақтанушының зиянды өтеу бойынша жауапкершілігінің туындау фактісі төмендегілердің негізінде айқындалады:

- 1) Сақтандырушының алдын ала келісімімен шағымдарды сотқа дейінгі (ерікті) реттеу, немесе,
- 2) осы тармақта көрсетілген оқиғалар нәтижесінде тауардың зақымдануына не жойылуына байланысты Сақтанушының жауапкершілігін белгілейтін заңды күшіне енген сот шешімі.

4.4. Сақтандыру шартымен көзделмеген оқиғалар сақтандыру жағдайы болып табылмайды және мұндай оқиғалар бойынша сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды.

5-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ЕРЕКШЕЛІК ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

5.1. Сақтандырушы сақтандыру шартымен көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға төмендегілердің салдарынан туындаған жағдайда, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

- 1) соғыс, әскери іс-қимылдар, арнайы операциялар, бітімгершілік акциялар, кез келген қақтығыстар, толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер, көтерілістер, төңкерістер, билікті құлату, басқыншылық, интервенциялар және өзге де ұқсас әрекеттер кезінде қолдануға арналған, қолданылған немесе қолданылғаннан кейін қалған кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруының және өзге де құралдардың/жабдықтардың, машиналардың, кемелердің/өзге де жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдар мен жабдықтардың әсерінен, сондай-ақ осындай әрекеттерден кейін залалсыздандырылған, бірақ іске аспаған құралдардың әсерінен;
- 2) террористік актілер мен үшінші тұлғалардың саяси уәждер бойынша құқыққа қарсы іс-әрекеттері;
- 3) соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан, әскери іс-қимылдар;
- 4) мемлекеттік органдар, әскери қызметшілер, әскери міндеттілер, жалдамалы әскерлер, бітімгершілер жүргізетін кез келген арнайы операциялар, іс-шаралар, іс-қимылдар;
- 5) жаппай тәртіпсіздіктер, төңкерістер, конфронтациялар, толқулар, басқыншылықтар, интервенциялар, локауттар, ереуілдер, митингілер;
- 6) терроризмге қарсы операциялар;
- 7) бітімгершілік операциялар;
- 8) төтенше жағдай;
- 9) коменданттық жағдай;
- 10) соғыс жағдайы;



- 11) қозғалысты шектеу режимдері.
- 12) сақтандырылған мүлікті тәркілеу, мемлекет иелігіне алу, басып алу, ұстап қалу, тыйым салу, жою, меншікке беру, реквизициялау немесе кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе іс жүзінде) немесе қоғамдық немесе жергілікті билік орындарының пайдалануы.

5.2. Осы Сақтандыру ережесімен Сақтанушының АҚЖ мынадай түрлері өтелмейді:

- 1) міндетті сақтандыру шарттары бойынша өтелетін (немесе өтелуі мүмкін) жауапкершілік;
- 2) шарттың шарттарын бұзғаны, міндеттемелерді тиісінше орындамағаны не міндеттемелерді орындамағаны, шарттан бас тартқаны және тағы басқалар үшін жауапкершілікті қоса алғанда, бірақ шектелмей, азаматтық-құқықтық шарттардың кез келген түрінен туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік;
- 3) өрт сөндіру кезінде тауарға су өтуі нәтижесінде туындаған жауапкершілік;
- 4) тауардың шаңның, түтіннің, күйенің және ыстың әсерінен зақымдануы немесе жойылуы нәтижесінде туындаған жауапкершілік;
- 5) бағалы қағаздар нарығы және банктік қызмет туралы заңнамамен реттелетін, мәні қаржы құралдары және/немесе вексельдер болып табылатын кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелер мен азаматтық-құқықтық шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша;
- 6) біржақты мәмілелерден туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік;
- 7) Сақтанушының заңды тұлға ретіндегі және оның құрылтайшылары/қатысушылары/акционерлері/мүлік иелері, жай серіктестікке және/немесе консорциумға қатысушылары, үлестес тұлғалары, сондай-ақ Сақтанушы қатысушы/құрылтайшы/акционер/мүлік иесі, жай серіктестікке және/немесе консорциумға қатысушы болып табылатын заңды тұлғалар арасындағы қатынастардан туындайтын жауапкершілік (оның ішінде субсидиарлық), соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігіне, заңды тұлғаларды құруға, басқаруға, дивидендтер төлеуге, заңды тұлғалардың басқару органдарының шешімдер қабылдауына, заңды тұлғалардың табысын бөлуге, мүлікке құқықтарға, заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыруға, таратуға, құқық мирасқорлығына, банкроттығына, сондай-ақ жай серіктестіктің/консорциумның қызметін тоқтатуға байланысты қатынастар;
- 8) Құрылтайшының (қатысушының), акционердің немесе оның мүлкінің меншік иесінің міндеттемелері бойынша заңды тұлғаның жауапкершілігі (оның ішінде субсидиарлық);
- 9) Сақтанушы заңды тұлға ретінде және оның басқару органдары арасындағы қатынастардан туындайтын жауапкершілік (оның ішінде субсидиарлық);
- 10) банкроттық нәтижесінде таратуды қоса алғанда, заңды тұлғаны тарату кезінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға байланысты міндеттемелер бойынша Сақтанушының үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілігі (оның ішінде субсидиарлық);
- 11) Сақтанушының кінәсінен оның еншілес ұйымы банкрот болған жағдайда Сақтанушының жауапкершілігі (оның ішінде субсидиарлық);
- 12) Сақтанушының кез келген кері талап қою талаптары, кері талап қою тәртібімен қойылатын талаптар бойынша жауапкершілігі;
- 13) қауіпті немесе уытты, немесе биохимиялық уыттарды иеленуге, пайдалануға байланысты жауапкершілік;



- 14) бұл жиынтықта немесе кенеттен болуына қарамастан, шаңның немесе өзге де ластаушы заттардың шашырауы, шығарылуы, дренажы, шығарылуы, шығуы үшін жауапкершілік;
- 15) үй-жайларды жөндеуден, қайта құрылымдаудан, салудан, орнын ауыстырудан, жөндеу жұмыстарынан туындайтын кез келген жауапкершілік.

5.3. Мүліктік залал бойынша АҚЖ ерекшеліктері:

Осы сақтандырумен Сақтанушының төмендегілерге байланысты / салдарынан туындаған / катысты туындаған азаматтық-құқықтық жауапкершілігі (АҚЖ) өтелмейді:

- 1) автокөлік құралдарын пайдалана отырып келтірілген залал;
- 2) тасымалдаушы ретінде әрекет ететін Сақтанушының көлік құралдарын пайдалануы;
- 3) тауарды қойма аумағында да, одан тысқары жерлерде де тиеу, түсіру, тасымалдау, жылжыту кезінде келтірілген залал;
- 4) айналадағылар үшін қауіпті қызметті жүзеге асырудан (жоғары қауіптілік көздері);
- 5) жарылыс қауіпті, улы тауарларды, заттарды сақтау, егер зақымдану немесе зиян осындай заттардың әсерінен туындаса;
- 6) мұндай зиянға әкеп соққан оқиғаның себебін анықтау мүмкін болмаған жағдайда;
- 7) қоршаған ортаны ластағаны үшін жауапкершілік, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануы салдарын жоюға байланысты шығындар;
- 8) Сақтанушының өз қызметкерлеріне, сондай-ақ мердігерлердің, қосалқы мердігерлердің қызметкерлеріне келтірілген залалға байланысты кез келген жауапкершілік;
- 9) қауіпті немесе уытты, немесе биохимиялық уыттарды иеленуге, пайдалануға байланысты жауапкершілік;
- 10) бұл жиынтықта немесе кенеттен болуына қарамастан, шаңның немесе өзге де ластаушы заттардың шашырауы, шығарылуы, дренажы, шығарылуы, шығуы үшін жауапкершілік;
- 11) тұрақсыздық айыбын, санкцияларды, айыппұлдарды, моральдық зиянды, беделдік зиянды, Сақтанушының/Сақтандырылушының сот шығыстарын өтеу міндетімен;
- 12) кез келген мүліктік емес зиянды/залалды өтеу міндетімен;
- 13) бүлінген мүліктің (тауарлардың) тауарлық құнының жоғалуын өтеу міндетімен;
- 14) тағамдық және/немесе химиялық және/немесе уытты уланумен;
- 15) термиялық күйіктермен;
- 16) пайданы жоғалтуды өтеу міндетімен;
- 17) Сақтанушының/Сақтандырылушының өрт қауіпсіздігі талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген өзге де қауіпсіздік талаптарын бұзуы;
- 18) Сақтанушының/Сақтандырылушының кез келген жарғылық және кәсіптік қызметті жүзеге асыруы нәтижесіндегі қателер мен қателіктер;
- 19) алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық мас күйінде болған және/немесе ағзаның психомоторлық функцияларына әсер ететін дәрілік препараттарды қолданған Сақтанушының / Сақтандырылушының / Пайда алушының (оның қызметкерлерінің / отбасы мүшелерінің, жалданған, тартылған, жұмыстарға, қызметтерге, сатуға, тасымалдауға, тиеу-түсіруге жіберілген тұлғалардың және өзге де тұлғалардың) әрекеттері/әрекетсіздігі;
- 20) Сақтанушыға/Сақтандырылушыға ақы төлеу негізінде уақытша иеленуге және пайдалануға (жалға алу, лизинг, прокат және т.б.), өтеусіз пайдалануға, сенімгерлік басқаруға не кепілге берілген мүліктің зақымдануына, жойылуына, нашарлауына, құрып кетуіне немесе бүлінуіне байланысты;



- 21) зияткерлік меншік объектілеріне авторлық құқықтарды және өзге де айрықша құқықтарды бұзу;
- 22) дірілдің әсері, копердің әсері, топырақтың шөгуі немесе бұзылуы, сондай-ақ тіректердің жылжуы, алынуы немесе әлсіреуі нәтижесінде;
- 23) тұрақты, жүйелі немесе ұзақ мерзімді жылудың әсерінің немесе газдардың, булардың, сәулелердің, сұйықтықтардың, ылғалдың не атмосферадағы кез келген, оның ішінде қалқыма бөлшектердің (күйе, ыс, түтін, шаң және т.б.) әсерінен, жоғарыда аталған заттардың әсері кенеттен және күтпеген сипатта болып, келтірілген зиянның осындай әсердің сөзсіз салдары екендігін және сақтандырылған қызметпен тікелей байланысты екенін айғақтайтын көрнекі дәлелдер болған жағдайларды қоспағанда;
- 24) атыс қаруын, газды, суық, пневматикалық немесе лақтырылатын қаруды пайдалану;
- 25) осы жыл мезгілі мен осы жерге тән қалыпты ауа райы және табиғи жағдайлардың/құбылыстардың әсері;
- 26) зардап шеккен үшінші тұлғалардың ақша, бағалы қағаздар, алтын, қымбат немесе түсті металдардан жасалған бұйымдар, зергерлік бұйымдар, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар, соның ішінде антиквариат немесе тарихи әрі басқа әлеуметтік мәні бар заттар түріндегі мүлкіне келтірілген залал үшін жауапкершілік;
- 27) агрегаттардың конструкцияларының, тетіктерінің оларды пайдалануға бергенге/қабылдап алғанға дейін не тапсырыс берушіге бергенге дейін, не қондырғыны монтаждау, инсталляцияны құрастыру аяқталғанға дейін бұзылуы немесе зақымдануы;
- 28) Сақтанушыға/Сақтандырылушыға байланысты тұлғалардың (қызметкерлер, серіктестер, жалдамалы жұмысшылар, басқа шарттар бойынша жұмыс істейтін тұлғалар немесе себептері мен қажеттілігіне байланысты емес сақтандыру жағдайы орын алған жерде болған кез келген тұлғалар) жеке мүлкіне келтірілген зақымданулар;
- 29) Сақтандырушымен келісім бойынша таңдап алынған тәуелсіз сараптама ұйымы растаған анықталмаған себеп;
- 30) уәкілетті органдар мен ұйымдардың қажетті рұқсаттардың болмауы;
- 31) қажетті сертификаты, пайдалану үшін рұқсаты жоқ материалдарды, жабдықтарды, құралдарды пайдалану;
- 32) технологиялық процестердің бұзылуы;
- 33) орындалатын жұмысқа қатысты кәсіптік дағдыларын растайтын қажетті құжаттары жоқ тұлғаларға жұмыстарды жүзеге асыруға, қызметтер көрсетуге рұқсат беру;
- 34) сақтау, орнату, тасымалдау, тиеу, жұмыста пайдалану бөлігінде ерекше ұқыпты қарауды талап ететін сынғыш материалдардың зақымдануы, жойылуы;
- 35) мемлекеттердің, үкіметтердің және мемлекеттік бірлестіктердің шешімі бойынша (тікелей не жанама) салынған санкциялар мен шектеулер;
- 36) кедендік/салықтық алымдарды, баждарды өндіріп алу туралы қуынымдар/наразылықтар және т.б.;
- 37) сақтандырылушының және/немесе пайда алушының пайдалануындағы, бірақ оларға меншік құқығында тиесілі емес мүлік;
- 38) уақытша ғимараттар мен құрылыстар, қойма, қосалқы үй-жайлар, құрылыс сатылары, инженерлік коммуникациялар;
- 39) аумақты мүліктің сынықтарынан (қалдықтарынан) тазарту бойынша шығыстарды өтеу;



- 40) сақтандыру жағдайына байланысты адамдарды, жабдықтарды, қол жүктерін тасымалдау бойынша шығыстарды өтеу;
- 41) сақтандыру оқиғасының және оның зардаптарының салдарынан не оларды жою не жою процесінде;
- 42) асбесттің, асбест талшығының немесе құрамында асбест бар кез келген өнімдердің, сондай-ақ радиоактивті изотоптардың әсері нәтижесінде туындаған залалдар.

5.4. Болуы Сақтандырушыға олар аяқталғанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асырмауға құқық беретін мән-жайлар:

- 1) сақтандыру оқиғасына қатысты қылмыстық және/немесе әкімшілік тергеп-тексеру;
- 2) кінәлі тұлғаларды анықтау және оларға қатысты тиісті іс жүргізу шешімін шығару рәсімі;
- 3) сақтандыру жағдайына байланысты оқиғалар мен мән-жайлар бойынша сақтандырылушы, сақтанушы, пайда алушы және сақтандырушы арасында да, кез келген өзге тұлғалар арасында да аяқталмаған сотта іс қараудың болуы.

5.5. Сақтандырушы өтемейді және Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар да негіз болуы мүмкін:

- 1) Шарт күшіне енген кезеңде немесе сақтандыру шартының қолданылу мерзімінен тыс кезеңде сақтандыру жағдайының басталуы;
- 2) Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз Пайда алушыға келтірілген залалды Сақтанушының өтеуі;
- 3) Сақтанушының/Сақтандырылушының қызметкерлеріне зиян келтіру нәтижесіндегі залалдар;
- 4) сақтандырудың міндетті түрлерімен өтелетін залалдар;
- 5) Сақтанушының/Сақтандырылушының банкроттығынан туындаған залалдар;
- 6) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақытылы хабардар етпеу;
- 7) Сақтандыру ережелерінің 14-бабында көрсетілген, сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен себептерін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынбау (не толық көлемде ұсынбау);
- 8) зиян келтіруге кінәлі тұлға Пайда алушы болып табылады;
- 9) қызметті жүзеге асыруға лицензияны/Сақтанушының/Сақтандырылушының рұқсатын тоқтата тұру, қайтарып алу немесе тоқтату кезеңінде сақтандыру жағдайының басталуы;
- 10) сақтандыру жағдайы туралы құзыретті органдардың қорытындысының болмауы;
- 11) Сақтанушының Шартта белгіленген мерзімде сақтандыру сыйлықақысын немесе оның кезекті бөлігін төлемеуі;
- 12) Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттерін орындамауы;
- 13) Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы;
- 14) нәтижесінде Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығын жүзеге асыруы мүмкін болмаған Сақтанушының/Пайда алушының/Сақтандырылушының іс-әрекеті (әрекетсіздігі);
- 15) Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен



тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша - ЖКЖҚТҚ тізімі) Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің болуы;

- 16) Сақтанушының/Сақтандырылушының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;
- 17) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіздер болған кезде.

5.6. Сондай-ақ, өтелмейді:

- 1) сақтандыру жағдайына және оны уәкілетті органдарда дәлелдеуге байланысты істерді жүргізуге арналған шығыстар (ксерокөшірмелерге, нотариалды куәландыруға, сараптамаға, адвокаттың, өкілдің, аудармашының қызметтеріне ақы төлеуге және т.б. шығыстар);
- 2) Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан тыс келтірілген зиян;
- 3) сараптама Сақтандырушының жазбаша ұсынымы бойынша жүргізілген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін белгілеу мақсатында сараптама жүргізуге арналған шығыстар;
- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.

5.7. Сақтандыру шарты кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені, бағдарламалық жасақтаманы, кодты, вирусты немесе процесті немесе өзге де кез келген электрондық жүйені қасақана пайдаланудан немесе қолданудан (зиян келтіру құралы ретінде) тікелей немесе жанама туындаған, туындаған немесе туындайтын шығындарды, залалды, жауапкершілікті немесе шығыстарды өтемейді.

5.8. Сақтандыру шарты кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені немесе бағдарламалық жасақтаманы немесе кез келген қаруды немесе снарядты ұшыру және/немесе бағыттау жүйесіндегі өзге де электрондық жүйені және/немесе ұшыру тетігін пайдалану нәтижесінде туындайтын залалдарды өтемейді.

6-БАП. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

6.1. Сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

6.2. Сақтандыру шартында мыналар белгіленуі мүмкін:

- 1) жалпы сақтандыру сомасы - сақтандыру арқылы қорғаудың барлық қолданылу кезеңіндегі барлық сақтандыру жағдайлары бойынша жауапкершіліктің жиынтық шекті көлемі;
- 2) бір (әрбір) немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру сомасы;
- 3) бір оқиға нәтижесінде сақтандыру жағдайлары сериясы бойынша сақтандыру сомасы;
- 4) бір (әрбір) сақтандыру тәуекелі бойынша не сақтандыру тәуекелдерінің тобы бойынша сақтандыру сомасы;
- 5) сақтандыру сомаларының өзге де түрлері.



7-БАП. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ

7.1. Сақтандыру сыйлықақысы - Сақтанушының Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы.

Сақтандыру шарты бойынша төленуге тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісін және сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасынан есептеледі.

7.2. Сақтандыру шартында жалпы сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді. Сондай-ақ сақтандыру шартында сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифін негізге ала отырып, әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.

7.3. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын біржолғы немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде, қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда бөліп-бөліп төлеуге тиіс.

7.4. Сақтанушы Сақтандыру шартында келісілген мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген жағдайда, Сақтандырушы:

- 1) кезекті сақтандыру жарнасын төлемеген күннен бастап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;
- 2) егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға енгізу мерзімі өтіп кеткен сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлегенге дейін басталған болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

7.5. Сақтандыру шартында көрсетілген төлемдер кестесіне сәйкес сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша бөліп-бөліп төлеуді ұсынған және Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктіруге жол берген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының сомасын бүкіл кезең үшін толық көлемде сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы.

8-БАП. ФРАНШИЗА

8.1. Сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша шарт қойылмайтын франшиза көзделуі мүмкін.

Шарт қойылмайтын франшиза - залалдың мөлшері мен сақтандыру сомасына қарамастан, әрбір және кез келген сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің сомасынан шегеріледі.

8.2. Франшиза сақтандыру сомасынан пайызбен де, тіркелген сома түрінде де белгіленуі мүмкін.

9-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

9.1. Сақтандыру шарты Сақтандырушының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау ережелеріне» сәйкес тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті талаптарды сақтай отырып жасалады.

9.2. Сақтанушы іскерлік қатынастар орнатылғанға дейін тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ егер Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде және «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында Ішкі бақылау ережелерінің» талаптарын орындау аясында көзделген өзге де санкциялық тізімдерде болса, Сақтандырушы іскерлік қатынастар орнатудан бас тартуға құқылы.



9.3. Сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша өтініш-сауалнамасы негізінде жазбаша нысанда жасалады. Өтініш-сауалнама Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

9.4. Сақтандыру шарты электрондық нысанда, оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу жолымен жасалады.

9.5. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 825-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген тәртіппен жасалған сақтандыру шарты «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген электрондық цифрлық қолтаңбаға қойылатын талаптар ескеріле отырып, сақтандыру шарты тараптарының электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалуға жатады

9.6. Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға өзіне белгілі, сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның туындауынан болатын ықтимал залал мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін елеулі мәні бар мән-жайлар туралы хабарлауға міндетті.

Осы Сақтандыру ережесінде немесе Сақтандырушының сақтандыру шартын жасау кезеңінде Сақтанушыға жіберілген жазбаша сұрау салуында айқын айтылған мән-жайлар елеулі (маңызды) мән-жайлар ретінде танылады.

9.7. Егер сақтандыру шарты Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына Сақтанушының жауаптары болмаған кезде жасалған болса, соңғысы кейіннен сақтанушының тиісті мән-жайларды хабарламауы негізінде сақтандыру шартын бұзуды не оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

9.8. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтанушының сақтандырушыға осы баптың 9.6-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер бергені анықталса, сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

9.9. Егер сақтанушы жасырып қалған мән-жайлар жойылса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

9.10. Сақтанушының өтінішінде сақтандыру шартын жасау сәтіндегі қоймадағы зақымданулар мен ақаулар көрсетіледі. Сақтанушы сақтандырушыны өзіне тиесілі қоймаға қатысты басқа адамдар тарапынан шағымдардың, сот талаптарының бар екендігі туралы немесе соттың қабылданған шешімдерінің бар екендігі туралы хабарлар етуге міндетті.

9.11. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда сақтандырушы сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру шартының телнұсқасын береді, содан кейін жоғалған сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

9.12. Сақтандыру шартының шарттарын өзгерту сақтанушы мен сақтандырушының өзара келісімі бойынша тараптардың бірінің өтініші негізінде, екінші тарап өтінішті алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі және жазбаша нысанда тараптардың сақтандыру шартына қосымша келісімімен ресімделеді.

10-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

10.1. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап, ал оны бөліп-бөліп төлеген кезде - бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.



10.2. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты бірінші басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезден бастап өзінің қолданылуын тоқтатады.

10.3. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.

10.4. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

11-БАП. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

11.1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) уақтылы сақтандыру төлемін төлеуге;
- 3) түпнұсқасы жоғалған жағдайда Шарттың телнұсқасын алуға;
- 4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 5) Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
- 6) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға;
- 7) Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға.

11.2. Сақтанушы/Сақтандырылушы міндетті:

- 1) Шарттың қолданылу кезеңінде сақтандыру объектісіне қатысты қолданылатын басқа да сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;
- 2) дереу, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы хабарлауға. Шартты жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер елеулі болып танылады;
- 3) Шарттың қолданылу кезеңінде 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға Шарт жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы белгілі болған елеулі өзгерістер туралы хабарлауға;
- 4) өртке қарсы қызметтердің ұйғарымы бойынша өрт қауіпсіздігінің барлық талаптарын, оның ішінде міндетті түрде сақтауға, өртке қарсы режимнің жол берілген бұзушылықтарын жоюға;
- 5) сақтандыру жағдайы басталған кезде құзыретті органдарға дереу мәлімдеуге және залалдың мөлшерін азайтуға барлық ықтимал шараларды қабылдауға;
- 6) мүлікті (тауарды) тәулік бойы күзетуді, бейнебақылауды үздіксіз және сақталатын мүлікті (тауарды) толық шолу арқылы қойманың барлық үй-жайларында, сондай-ақ сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бейнежазбаларды сақтауды қамтамасыз етуге, олай болмаған жағдайда шарттың осы талаптары бұзылған кезде сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды;
- 7) сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыға кез келген қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлауға. Ауызша нысандағы хабарламаны кез келген жағдайда кейіннен (қырық сегіз сағат ішінде) Сақтанушы жазбаша нысанда растауы тиіс. Сондай-ақ Сақтанушыда келтірілген зиянды өтеу міндеті туындайтын оқиғаның себептері, барысы және салдары туралы, сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы талқылауға мүмкіндік беретін барлық қолжетімді ақпарат пен құжаттаманы ұсынуға;



- 8) Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған Сақтандырушының өзіне ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға;
- 9) Сақтандырушыға үшінші тұлғалардың зиянды өтеу туралы талабына байланысты мәселелерді реттеуге қатысу үшін мүмкіндік беруге, бұл ретте сақтандыру жағдайымен келтірілген шығындарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі;
- 10) Сақтандырушының келісімінсіз өтемақы төлемеуге, Пайда алушы қоятын залалды өтеу туралы талаптарды ішінара немесе толық танымауға, сондай-ақ осындай талаптарды реттеу бойынша қандай да бір тікелей немесе жанама міндеттемелерді өзіне қабылдамауға;
- 11) зиянды өтеу туралы талаптар қойылған жағдайда Сақтандырушыға сотта және соттан тыс қорғауға барлық мүмкін болатын жәрдем көрсетуге;
- 12) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
- 13) Сақтанушы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да міндеттерге ие.

11.3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушы хабарлаған ақпаратты тексеруге;
- 2) кез келген уақытта Сақтанушының Шарттың шарттарын орындауын тексеруге, бұл ретте Сақтанушының оған кедергі жасауға құқығы жоқ;
- 3) Сақтанушы немесе Сақтандырылушы Шарттың талаптарын бұзғанын анықтаған кезде оларды жою жөнінде Сақтанушы немесе Сақтандырылушы үшін міндетті жазбаша нұсқаулар беруге;
- 4) құзыретті органдардан сақтандыру жағдайы туралы барлық қажетті құжаттаманы сұратуға;
- 5) отказать Выгодоприобретателю в осуществлении страховой выплаты, если страховой случай произошел вследствие нарушения условий Договора, а также по основаниям, указанным в статье 5 настоящих Правил страхования;
- 6) осы Сақтандыру ережелерінің 16-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
- 7) Сақтанушыдан клиенттерге тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды талап етуге;
- 8) Мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - 1) - Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде болуы (бұдан әрі мәтін бойынша - ЖҚЖҚТҚ тізбесі);
 - 2) - Сақтанушының/Сақтандырылушының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарына сәйкес тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты бермеуі;
 - 3) - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚҚ (қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру) мақсатында жасалады деп пайымдауға негіздер болған кезде;



9) Сақтандырушы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да құқықтарға ие.

11.4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушының Шартты жоғалту туралы жазбаша өтінішін алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде - оның телнұсқасын беруге;
- 2) сақтандыру жағдайының басталғанын, оның басталу себептерін, залалдың мөлшерін және сақтандыру төлемін алушының оны алу құқығын растайтын барлық қажетті құжаттар болған кезде, қажетті құжаттардың соңғысын алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе одан бас тартуға;
- 3) Сақтанушыны/Сақтандырылушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жетіспейтін құжаттар туралы құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) күн ішінде хабардар етуге.
- 4) Сақтандырушы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да міндеттерге ие.

11.5. Пайда алушы құқылы:

- 1) салдарынан Сақтанушы немесе Сақтандырылушы зиян шеккен оқиға туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) Сақтанушының немесе Сақтандырылушының орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды Сақтандырушыға ұсынуға;
- 3) мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалануға;
- 4) келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы мен тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемінің мөлшерінің есептерімен танысуға;
- 5) Сақтандыру ережелерінің 14-бабында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;
- 6) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда дау айтуға;
- 7) келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемі сомасынан асып кету мөлшерінде Сақтанушыға зиянды өтеу туралы талап қоюға.

11.6. Пайда алушы міндетті:

- 1) Сақтандырушы жазбаша хабарлаған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес немесе Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіз болып табылған мән-жай анықталса, сақтандыру төлемінің сомасын Сақтандырушыға қайтаруға;
- 2) Шартта көзделген жағдайларда Пайда алушының осы Сақтандыру ережелерінде белгіленген құқықтары мен міндеттері Пайда алушы ретінде әрекет ететін өзге тұлғаларға ауысады.

11.7. Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайды, тараптардың жекелеген міндеттері осы Ережелердің басқа тармақтарында көзделген және сақтандыру шартында кеңейтілуі мүмкін.

12-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ КЕЗЕҢІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮ САЛДАРЫ

12.1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған

жағдайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер ететін болса, дереу жазбаша хабарлауға міндетті.

12.2. Кез келген жағдайда мынадай өзгерістер мен мән-жайлар елеулі деп танылады:

- 1) сақтандыру аумағының өзгеруі;
- 2) көлік құралдарының уақытша сақтау қоймасының аумағына кіруін және аумақтан шығуын, адамдардың уақытша сақтау қоймасының аумағына кіруін және уақытша сақтау қоймасының аумағынан шығуын бақылау жүйелерін өзгерту;
- 3) қойманың барлық периметрі бойынша қоршауды өзгерту;
- 4) тәулік бойы режимінде жұмыс істейтін бейнебақылау құралдарын қайта жабдықтау.

Сақтандыру шартында сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін басқа да елеулі өзгерістер ескертілуі мүмкін.

12.3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген сақтандырушы Сақтандыру шартының шарттарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

12.4. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының шарттарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушының істі жүргізуге және сақтандыру қызметінен алынатын табыс салығын төлеуге арналған шығыстарын ескере отырып, Сақтанушының сақтандыру арқылы қорғаудың қалған мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтаруға құқығы бар.

12.5. Сақтанушы осы баптың 12.1-тармағында көзделген міндетті орындамаған жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және оның бұзылуынан келтірілген залалды өтеуді талап етуге немесе сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес азайтуға не сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

12.6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылған болса, Сақтандырушының Шартты бұзуды талап етуге құқығы жоқ.

13-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІ

13.1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан болуы мүмкін оқиға басталған кезде, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы міндетті:

- ықтимал залалдарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді барлық шараларды, оның ішінде зақымданған мүлікті құтқару және сақтау шараларын қабылдауға (егер сақтандырушы нақты шаралар қабылдау туралы нұсқауды хабарласа, оларды орындауы тиіс);
- уәкілетті мемлекеттік және өзге де құзыретті органдардың оқиғаны құжаттамалық ресімдеуін қамтамасыз етуге;
- қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, ол білген күннен бастап сақтандырушыға немесе оның өкілетті өкіліне оқиға туралы хабарлауға, оған оқиғаның мән-жайлары, келтірілген залалдың түрлері мен болжамды мөлшері туралы барлық белгілі мәліметтерді хабарлауға, сақтандырушымен одан арғы іс-қимылдарды келісуге, сондай-ақ сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш беруге. Егер сақтандыру шартында өзге мерзім және (немесе) хабарлау тәсілі көзделсе, ол шартталған мерзімде және шартта көрсетілген тәсілмен жасалуға тиіс;



- зақымданған мүлікті сақтандырушы қарап шыққанға дейін оны сақтандыру оқиғасының басталуы нәтижесінде қандай түрде болса, сондай түрде сақтауға. Сақтанушының келтірілген зиянның пішінін, егер ол қауіпсіздік, залал мөлшерін азайту пайымдауларына байланысты болса немесе бұған сақтандырушының келісімі алынса, сондай-ақ сақтандырушыны оқиға туралы хабардар еткеннен кейін екі апта өткен соң ғана өзгертуге құқығы бар;

- сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді беруге;

- сақтандырушыға сақтандыру жағдайының (оқиғасының) және зақымданған мүліктің орнын тексеріп қарауға немесе зерттеп-қарауға, залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты тергеп-тексеруге, залалды азайту және сақтандырылған мүлікті құтқару жөніндегі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беруге;

- залал үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығын қамтамасыз етуге;

13.2. Сақтандырушының өкілі сақтанушының залал туралы хабардар етуін күтпестен, зақымданған мүлікті тексеруге кірісуге құқылы. Сақтанушы бұл жағдайда оған кедергі келтіруге құқылы емес.

13.3. Егер сақтанушы сақтандырылушы болып табылмаса, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлау және ықтимал залалдарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шаралар, оның ішінде сақтандырылған мүлікті құтқару және сақтау шаралары сақтандырылушыға жүктеледі.

13.4. Пайда алушының сақтанушының немесе сақтандырылушының мұны жасағанына немесе жасамағанына қарамастан, барлық жағдайларда сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлауға құқығы бар.

13.5. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталуы туралы келісілген мерзімде хабардар етпеу оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.

13.6. Сақтандырушының немесе оның өкілдерінің сақтанушыға ол үшін қажетті шаралар қабылдауды көрсете отырып, сақтандырылған мүлікті құтқаруға және сақтауға қатысуға құқығы бар.

14-БАП. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

14.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы немесе Сақтандырылушы не Пайда алушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда ұсынады. Сақтандыру төлемінің валютасы - теңге.

14.2. Егер Шарт бойынша бірнеше тұлға Пайда алушы болып табылса, олар бір сақтандыру жағдайы бойынша белгіленген сақтандыру сомасының шегінде келтірілген залалдың мөлшеріне пропорционалды түрде сақтандыру төлемін алады.

14.3. Келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған кезде Сақтанушы Жәбірленушіге сақтандыру сомасы мен зиянның нақты мөлшері арасындағы айырманы өтейді.

14.4. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының туындауын, оның себептерін, залалдың мөлшерін және сақтандыру төлемін алуға алушының құқығын растайтын қажетті құжаттардың соңғысы ұсынылған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады, атап айтқанда:

- 1) Сақтандыру шартының көшірмесі;
- 2) орын алған оқиғаның қысқаша сипаттамасы бар Сақтанушының жазбаша өтініші;



- 3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, статистикалық картаның көшірмелері;
- 4) уәкілетті мемлекеттік органдардың сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен себебін растайтын құжаттары;
- 5) Сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы үшінші тұлғалардың ресми шағымы (талабы);
- 6) Сақтанушыға келтірілген залалды өтеу міндетін жүктейтін сот шешімі;
- 7) тәуелсіз сарапшының келтірілген зиянды бағалау туралы жазбаша қорытындысы;
- 8) Пайда алушының (Жәбірленушінің) сақтандыру төлемін алу құқығын растайтын құжаттар: тауарға иелік ету, пайдалану және/немесе билік ету құқығын растайтын құжаттар (шот-фактуралар (инвойс), жүкқұжаттар, сатып алу-сату шарттары және т.б.).

Егер құжаттардың нақты мән-жайларды ескере отырып, олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактісін анықтауға және залалдың мөлшерін айқындауға мүмкіндік бермесе, сақтандырушы жоғарыда баяндалған құжаттардың тізбесін қысқартуға немесе қосымша құжаттарды талап етуге құқылы.

14.5. Сақтандыру төлемі Пайда алушының (Жәбірленушінің) сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде шеккен нақты залалынан аспауы тиіс.

14.6. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандыру сомасы жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшеріне азайтылады. Сақтанушының қосымша сақтандыру сыйлықақысы үшін сақтандыру сомасының бастапқы мөлшерін қалпына келтіруге құқығы бар.

14.7. Мүліктік залал келтірілген жағдайда, сақтандыру төлемінің мөлшері франшиза мен амортизация шарттарын ескере отырып, нақты келтірілген зиян сомасына негізделіп Сақтандырушы тарапынан айқындалады, алайда ол бір сақтандыру жағдайы бойынша белгіленген сақтандыру сомасынан және инвойс бойынша көрсетілген құнынан аспауға тиіс.

14.8. Амортизация деп Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығының әдістемелік әзірлемелерінде белгіленген, мүліктің шығарылған жылы мен пайдалану мерзіміне байланысты есептелетін тозу пайызын түсіну қажет.

14.9. Сақтандырушы Үшінші тұлғаның мүлкіне келтірілген нақты залалдың құнын өтейді, бұл сома баланстық құннан жоғары болмауға тиіс және кез келген жағдайда амортизациялық тозуды шегере отырып, өндіруші-зауыттың көрсеткен сол мүліктің (немесе ұқсас мүліктің) құнынан аспауы керек. Бұл ретте зауыт-өндіруші белгілеген мүліктің құны немесе мүліктің баланстық құны төлем жүзеге асырылатын күнгі сол мүліктің (немесе ұқсас мүліктің) нарықтық құнынан жоғары болмауға тиіс.

14.10. Сақтандыру төлемінің сомасына кез келген жағдайда кірмейді:

- 1) зақымданған мүлікке техникалық және кепілді қызмет көрсетуге арналған шығыстар;
- 2) зақымданған мүлікті реконструкциялауға және қайта жабдықтауға, олардың тозуына, техникалық ақауына байланысты және сақтандыру жағдайына жатпайтын басқа да себептер бойынша оның жекелеген бөліктерін, бөлшектері мен тораптарын жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты жұмыстар;
- 3) зақымдануы сақтандыру жағдайынан туындамаған зақымданған мүліктің бөліктерін (бөлшектерін және т.б.) жөндеу немесе ауыстыру құны;
- 4) қаралып отырған сақтандыру жағдайына тікелей қатысы жоқ, жоқ бөліктердің (бөлшектердің, агрегаттардың және т.б.) құны;
- 5) зақымданған мүлікті тасымалдауға арналған шығындар;



- 6) жасырын ақауларды қоспағанда, құзыретті органдардың құжаттарында зақымданған ретінде көрсетілмеген мүліктің зақымданған бөліктерін (бөлшектерін және т.б.) жөндеуге арналған шығындар;
 - 7) жөндеуші кәсіпорында қажетті қосалқы бөлшектердің, бөлшектердің болмауынан мүліктің тораптарын, агрегаттарын, бөлшектерін ауыстыру (жөндеу орнына);
 - 8) нормативтен тыс тарифтерді, бағалаулар мен коэффициенттерді қолдануға байланысты шығыстар;
 - 9) зақымданған жабдықтарда, конструкциялардағы агрегаттарда пайдаланылатын әртүрлі техникалық сұйықтықтарды ауыстыруға байланысты шығыстар.
 - 10) зақымданған мүлік құнының өсуіне әкелетін өзге де шығыстар.
- 14.11.** Сақтандыру жағдайы салдарынан келтірілген мүліктік залалдың мөлшері тәуелсіз сарапшының бағалау туралы жазбаша есебінің негізінде айқындалады.
- 14.12.** Сақтандыру төлемі Пайда алушының банктік шотына ақша аудару жолымен жүргізіледі. Сақтандырушының банктік шотынан ақшаны есептен шығару күні, ал залалды заттай түрде өтеу кезінде зардап шеккен мүлікке ұқсас затты беру күні сақтандыру төлемінің күні болып есептеледі.
- 14.13.** Егер құзыретті органдар Сақтанушыға/Сақтандырылушыға немесе Жәбірленушіге қарсы қылмыстық іс қозғаса және/немесе сақтандыру жағдайының басталуына әкелген мән-жайларды және оларға келтірілген залалдарды тергеп-тексеруді жүргізсе, Сақтандырушы тергеу аяқталғаннан кейін 15 жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауға міндетті.
- 14.14.** Сақтандырушының сақтандыру жағдайы басталған күнгі осы мүліктің нарықтық құны мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырған жағдайда мүлікті немесе оның қалдықтарын алуға құқығы бар. Бұл жағдайда Жәбірленуші Сақтандырушыға жазбаша өтініш-абандон беруге міндетті (Жәбірленушінің Сақтандырушының пайдасына зардап шеккен мүлікке мүліктік құқықтардан бас тартуы), оның негізінде Сақтандырушы барлық құқық белгілейтін құжаттарды берумен бірге жоғалған мүліктің немесе оның кез келген қалдығының меншік иесі болу құқығын алады.
- 14.15.** Сақтандырушы сақтандырылған жоғалған мүлікке қатысты абандон құқығынан бас тартуға құқылы, бұл ретте сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде аталған мүліктің қалдық құнын ұстап қалуға құқылы.
- 14.16.** Егер сақтандыру жағдайы орын алған сәтте сақтандыру объектісіне қатысты өзге де сақтандыру шарттары қолданылып тұрған болса, сақтандыру төлемі әрбір Сақтандырушы сақтандыру объектісін сақтандырған сақтандыру сомаларының арақатынасына пропорционалды түрде бөлінеді, ал осы Сақтандыру шартының Тарабы болып табылатын Сақтандырушы сақтандыру төлемін тек өз үлесіне тиесілі бөлігінде ғана жүзеге асырады.

15-БАП. САҚТАНУШЫНЫҢ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ САҚТАНДЫРУШЫҒА АУЫСУЫ (СУБРОГАЦИЯ)

- 15.1.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға төленген сома шегінде сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру нәтижесінде өтелген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығы ауысады.
- 15.2.** Сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандыру төлемін алған кезде сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге, сондай-ақ сақтандырушыға ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
- 15.3.** Егер сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандырушы өтеген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты өз талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен мүмкін болмай қалса, сақтандырушы



сақтандыру төлемін толық көлемде немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

16-БАП. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

16.1. Егер шартта өзгеше көзделмесе, сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.

16.2. Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру объектісі жұмыс істеуін тоқтатқан кезде;
- 2) өзінің кәсіпкерлік тәуекелін немесе осы қызметке байланысты азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырған сақтанушы белгіленген тәртіппен кәсіпкерлік қызметті тоқтатқан кезде;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылған және сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша сақтандыру тәуекелінің болуы тоқтатылған кезде;
- 4) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезде;
- 5) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларда.

Аталған жағдайларда Шартты тоқтатуға негіз болып табылатын жағдайдың туындаған сәтінен бастап Шарт тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап дереу екінші тарапты хабардар етуі тиіс.

16.3. Сақтанушы Шарттан кез келген уақытта бас тартуға құқылы.

16.4. Шартты мерзімінен бұрын тоқтатудың салдарлары:

- 1) Осы Ережелердің 16.2-тармағында көзделген мән-жайлар бойынша Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасының 25% мөлшерінде сақтандырудың және істерді жүргізуге арналған шығыстарды өтеудің қолданылған уақытына барабар бөлігіне құқығы бар. Сақтандырушыны тарату кезінде сақтандыру сыйлықақыларын (жарналарын) қайтару Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігіне сәйкес жүзеге асырылады.
- 2) Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, егер бұл осы баптың 16.2-тармағында көрсетілген жағдайлармен байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

16.5. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамаудан туындаған жағдайларда соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

16.6. Осы Ережелердің 16.2-тармағында көзделген міндеттемелерді тоқтату негіздерінен басқа, Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) Сақтандырушы сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) сақтандыру сомасы мөлшерінде жүзеге асырған;
- 2) Сақтанушы Сақтанушыны жазбаша хабардар еткен жағдайда сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлеу кезінде Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын/кезекті сақтандыру жарнасын төлемеуі;
- 3) Сақтанушы өзіне белгілі болған жағдайлардағы елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлау міндетін орындамаған кезде, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандыру



шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған не егер Сақтанушы Сақтандыру шарты талаптарының өзгеруіне немесе сақтандыру сыйлықақысының тәуекел дәрежесінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша төленуіне қарсылық білдірсе, бұл ретте Сақтандыру шарты тәуекел дәрежесінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туындаған кезден бастап тоқтатылды деп есептеледі.

16.7. Осы Ережелердің 16.6-тармағында көрсетілген мән-жайлар бойынша Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

16.8. Егер Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі жүргізілсе, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу негіздеріне қарамастан, сақтандыру сыйлықақысын қайтару жүзеге асырылмайды.

16.9. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда Сақтанушы Шарттан бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеуге міндетті, сондай-ақ сыйлықақыны уақытылы төлемегені үшін әрбір мерзімін өткізіп алған күн үшін төленуге тиісті сақтандыру сыйлықақысының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

16.10. Тараптар Сақтанушыға/Сақтандырылушыға/Пайда алушыға, олардың үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына қатысты шектеу шаралары туралы OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания санкцияларын және/немесе шектеулерін қолданған жағдайда сақтандырушы сақтанушыға жазбаша хабарлама жолымен сақтандыру шартын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы екендігімен келіседі. Сақтандыру шарты Сақтандырушы Сақтанушыға электрондық пошта немесе пошта арқылы Сақтандыру шартында көрсетілген мекенжайға хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.

Тараптар Ереженің осы тармағына сәйкес, Сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасының 25% (жиырма бес пайызы) мөлшеріндегі істі жүргізуге арналған шығыстарды шегере отырып, пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін пайдаланылмаған сақтандыру арқылы қорғаудың кезеңіне барабар қайтаратынымен келіседі.

Тараптар Сақтанушыға/Сақтандырылушыға/Пайда алушыға, олардың үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына қатысты шектеу шаралары туралы OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания санкцияларын және/немесе шектеулерін қолданған жағдайда Сақтандырушы санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін басталған оқиғаларды қоса алғанда, Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынына келіседі.

Тараптар Ереженің осы тармағына сәйкес Шартты біржақты бұзған кезде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемін төлемеген кезде Сақтандырушы тұрақсыздық айыбын төлемейтіндігімен және Сақтанушыға/Сақтандырылушыға/Пайда алушыға қандай да бір шығындарды өтемейтіндігімен келіседі.

17-БАП. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

17.1. Сақтандыру шарты бойынша тараптар арасында туындайтын барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

17.2. Тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес соттың шешуіне беріледі.

18-БАП. ҚОСЫМША ШАРТТАР

18.1. Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар Тараптармен жазбаша қосымша келісім жасау жолымен енгізіледі. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар мынадай жағдайларда енгізіледі:

- 1) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі өзгерген;
- 2) Тараптардың құқықтары мен міндеттері өзгерген;
- 3) сақтандыру шарттарының өзге де өзгерістері.

18.2. Осы Ережелерде қарастырылмаған мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

18.3. Тараптар сақтандыру шартын жасау кезінде осы Ережелердің жекелеген ережелерін өзгертуге және/немесе сақтандыру шартының шарттарын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін өзге де ережелермен толықтыруға құқылы.

18.4. Осы Ереже қазақ және орыс тілдерінде жасалды. Мәтіндер арасындағы әртүрлі оқылым жағдайында Сақтандыру ережесі мәтінінің орыс тіліндегі нұсқасы басым күшке ие болады.



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

УАҚЫТША САҚТАУ ҚОЙМАСЫ/КЕДЕН ҚОЙМАСЫ ИЕСІНІҢ
АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЖҮКТЕЛГЕН
САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Лист согласования

Тип документа		Согласование ВНД	
Тема		ПРАВИЛА ВМЕНЕННОГО СТРАХОВАНИЯ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ВЛАДЕЛЬЦА СКЛАДА ВРЕМЕННОГО ХРАНЕНИЯ/ТАМОЖЕННОГО СКЛАДА	
Дата регистрации		25.02.2026	
Рег. номер		СВНД-000014/26	
Инициатор		Боаги Кристина Дмитриевна	
Должность		главный специалист	
Наименование	Подразделение	Ф.И.О., подпись ответственного лица, дата визирования	Дата визирования
1	2	3	4
Согласован	Отдел разработки и развития страховых продуктов	Байбусинова Камилла Думановна, начальник	25.02.2026 17:40
Согласован	Юридический департамент	Ахметова Динара Нуртасовна, директор	26.02.2026 09:30
Согласован	Управление андеррайтинга	Демченко Глеб Сергеевич, главный специалист	<p>на <u>20 (двадцати)</u> листах</p> <p>Заместитель Председателя Правления Джантурев Н.С.</p> <p>12:50</p> <p>27.02.2026</p> <p>10:39</p>
Согласован	Департамент статистики	Сырмолотова Анна Викторовна, директор	
Согласован	Департамент риск-менеджмента	Дуйсебекова Жанаргуль Мухтаровна, директор	
Согласован	Исполнительный директор	Славкин [Имя], исполнительный директор	
Согласован	Департамент регионального развития	Снеговской Михаил Олегович, директор	
Согласован	Служба комплаенс-контроля	Абдуллаева А. [Имя], Зикиряров [Имя], координатор	
Согласован	Правление	Джантурев Н.С. Нуржан Абдилазизович, Заместитель Председателя Правления	
Согласован	Правление	Тульбаев Нурмухамед Шамшидинович, Заместитель Председателя Правления	
Согласован	Правление	Тульбаев Нурмухамед Шамшидинович, Заместитель Председателя Правления	

Пропиновано и проинформировано

